

БҰЙРЫҚ № 3

05.01.2026 ж

Орал қаласы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамына бекіту туралы

Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдеде Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабының 34-і тармақшасына сәйкес «Педагогикалық мәртебесі туралы» (2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-ші тармағына және 16-бабының 1-тармағы және ҚР БЖҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын 2 қосымшасына сәйкес Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

«Алинур» балабақшасы педагогтерін педагогикалық әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалық орган ретінде төмендегідей құрамда комиссия мүшелері жасақталсын.

Комиссия төрайымы: Кусаинова Гулжанат Тимуровна ЖШС «Алинур7»

Алинур балабақшасының меңгерушісі

Комиссия мүшелері:

Балжанова Айнагул Сабитовна — «Алинур» балабақшасының әдіскері, хатшысы

Н.Т.Хабибуллина — №41 «Ақ тілек» бөбекжайының әдіскері

Г.А.Ерболатовна — ЖШС «Алинур7» Алинур бөбекжайының әдіскері

Серікбаева Ділназ Аманғалиқызы — «Алинур» балабақшасы тәрбиешісі

Ж.Д.Елубаева — ЖШС «Алинур7» Алинур жеке балабақшасы тәрбиешісі

А.А.Ахметкалиева — №35 «Шұғыла» бөбекжайының тәрбиешісі

Н.С.Косалиева — ТОО «Бэмби» бөбекжайының тәрбиешісі

Г.А.Сақыпкереева — «Алинур 5» жеке бөбекжайының тәрбиешісі.

«Алинур» балабақшасының педагогтарына педагогикалық әдеп қағидалары және кеңес жұмысымен таныстырылсын.

«Алинур» балабақшасының меңгерушісі



Бұйрықпен таныстық:

А.С.Балжанова

Н.Т.Хабибуллина

Г.А.Ерболатовна

Д.А.Серікбаева

Ж.Д.Елубаева

А.А.Ахметкалиева

Н.С.Косалиева

Г.А.Сақыпкереева

Handwritten signatures of the listed individuals, including A.S. Baljanova, N.T. Khabibullina, G.A. Erbolatovna, D.A. Serikbaeva, J.D. Eлубаева, A.A. Akhmetkaliyeva, N.S. Kosaliyeva, and G.A. Saqypkeriyeva.



2025-2026 оқу жылының Педагогикалық әдеп кеңесінің жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. «Педагогтің кәсіби әдебі – білім беру ұйымының беделі» тақырыбында пікір алмасу. Әдеп қағидаларын сақтау бойынша міндеттерді айқындау.	қыркүйек	Әдеп кеңесінің төрайымы
2	«Педагогтің кәсіби қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында семинар-практикум. «Жанжалсыз орта – сапалы білім кепілі» тренингі.	наурыз	Әдеп кеңесінің хатшысы А.С.Балжанова
3	«Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу». Педагогтердің әдеп нормаларын сақтау деңгейін зерделеу. Педагогикалық әдеп кеңесінің қорытынды отырысы. Жылдық жұмыстың қорытындысын шығару. Педагогикалық әдеп қағидаларының орындалуын талдау. Келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.	мамыр	Әдеп кеңесінің төрайымы Г.Т.Кусаинова Әдіскер А.С.Балжанова

«Alinur» балабақшасы
«Педагогикалық әдеп» кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 10.09.2025 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. «Педагогтің кәсіби әдебі – білім беру ұйымының беделі» тақырыбында пікір алмасу.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша негізгі міндеттерді айқындау.

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Г.Т.Кусаинова сөз сөйледі. Ол қатысушыларды 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспарының жобасымен таныстырды. Жоспардың Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Педагогикалық әдеп қағидаларының талаптарына сәйкес әзірленгенін атап өтті. Сонымен қатар өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарға қысқаша талдау жасалып, педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтау деңгейі, ұжымдағы өзара сыйластық, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату және педагогтің қоғамдағы беделін арттыру бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Жоспарда педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру, әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу, жанжалдардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру және жыл қорытындысын шығару мәселелері қамтылғаны айтылды.

2.Екінші мәселе бойынша «Педагогтің кәсіби әдебі – білім беру ұйымының беделі» тақырыбында пікір алмасу өткізілді. Педагогтің кәсіби әдебі оның жеке мәдениетін ғана емес, білім беру ұйымының қоғам алдындағы беделін қалыптастыратын маңызды фактор екендігі айтылды. Қатысушылар педагогтің қызметтік міндетін адал орындауы, әріптестерімен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдептілік пен сыйластық қағидаларын ұстануы – сапалы білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі шарты екенін атап өтті.

3.Үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша алдағы оқу жылына арналған міндеттер айқындалды. Педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау, педагогикалық этика талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізу, сондай-ақ туындаған мәселелерді өзара түсіністік пен заң талаптарына сәйкес шешу қажеттігі туралы айтылды.

Жарыссөздар:

Ж.Д.Елеубаева – кеңес мүшесі.

Ол ұсынылған жұмыс жоспарының мазмұны жан-жақты қамтылғанын, жоспарланған іс-шаралар педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіруге, педагогикалық әдеп қағидаларын нығайтуға және ұжымдағы өзара сыйластықты қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті. Жоспарды толық қолдап, бекітуді ұсынды.

А.С.Балжанова – әдіскер.

Әдіскер педагогикалық әдеп талаптарын сақтау бойынша профилактикалық жұмыстардың жүйелі жүргізілуі қажет екенін айтты. Сонымен қатар педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, ата-аналармен кері байланысты нығайту және жоспарланған іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізу маңызды екендігін жеткізді.

Қаулы:

- 1.«Alinur» балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары бірауыздан мақұлданып, бекітілсін.
- 2.Педагогтердің кәсіби әдеп қағидаларын сақтау бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
- 3.Жоспарда белгіленген іс-шаралардың сапалы әрі уақытылы орындалуы Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелеріне жүктелсін.
- 3.Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіліп, қорытындылары кеңес отырыстарында қаралып отырсын.



«Alinur» балабақшасы

«Педагогикалық әдеп» кеңесі отырысының №2 хаттамасы

Өткізілген күні: 12.03.2026 жыл

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, педагогтер.

Күн тәртібі:

1. «Педагогтің кәсіби қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында семинар-практикум.
2. «Жанжалсыз орта – сапалы білім кепілі» тақырыбында тренинг өткізу.

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің хатшысы А.С.Балжанова сөз сөйледі. Ол педагогтің кәсіби қарым-қатынас мәдениеті – білім беру ұйымындағы қолайлы психологиялық ахуалдың негізгі көрсеткіші екенін атап өтті. Семинар барысында педагогтің әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнатуы, қызметтік этика талаптарын сақтау, педагогтің сөйлеу мәдениеті мен іскерлік әдеп нормаларын ұстанудың маңыздылығы түсіндірілді. Қатысушылар түрлі жағдаяттарды талдап, кәсіби қарым-қатынасты жетілдіру жолдары бойынша тәжірибе алмасты.

2.Екінші мәселе бойынша «Жанжалсыз орта – сапалы білім кепілі» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренинг барысында ұжымдағы келіспеушіліктердің алдын алу, жанжал жағдайларын сындарлы шешу тәсілдері, тиімді коммуникация дағдылары және эмоционалдық тұрақтылықты сақтау мәселелері қарастырылды. Педагогтер топтық тапсырмалар орындап, жағдаяттық ойындар арқылы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған тәжірибелік жұмыстар жүргізді.

Жарыссөздер:

Н.Т.Хабибуллина – кеңес мүшесі.

Педагогтің кәсіби қарым-қатынас мәдениеті білім беру ұйымындағы жағымды ахуалды қалыптастырудың басты шарты екенін атап өтті. Ұйымдастырылған семинар мен тренингтің мазмұны тәжірибелік тұрғыдан тиімді болғанын айтып, осындай іс-шараларды тұрақты өткізуді ұсынды.

Қаулы:

1. «Педагогтің кәсіби қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбындағы семинар-практикумның материалдары педагогтердің күнделікті жұмысында басшылыққа алынсын.
2. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру және жанжалдардың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
3. Педагогтердің кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.

Төрайымы :Г.Т.Кусаинова

Хатшысы:А.С.Балжанова



«Alinur» балабақшасы
«Педагогикалық әдеп» кеңесі отырысының №3 хаттамасы

Өткізілген күні: 15.05.2026 жыл.

Төрайымы: Г.Т.Кусаинова

Хатшысы: А.С.Балжанова

Қатысқандар: Кеңес мүшелері және педагогтер.

Күн тәртібі:

1. «Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу» қорытындысы.
2. Педагогтердің әдеп нормаларын сақтау деңгейін зерделеу.
3. Педагогикалық әдеп кеңесінің қорытынды отырысы.
4. 2025–2026 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығару.
5. Педагогикалық әдеп қағидаларының орындалуын талдау.
6. Келесі 2026–2027 оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Әдеп кеңесінің төрайымы Г.Т.Кусаинова сөз сөйледі. Ол 2025–2026 оқу жылы барысында педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындыларымен таныстырды. Мониторинг нәтижесінде педагогтердің Қ.Р педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауы, қызметтік әдепті ұстануы, әріптестерімен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен өзара қарым-қатынас мәдениетінің деңгейі зерделенгенін атап өтті. Жүргізілген талдау нәтижесінде педагогтердің басым көпшілігі педагогикалық әдеп талаптарын сақтайтыны, білім беру ұйымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқаны айтылды. Оқу жылы ішінде педагогикалық әдепке байланысты өтініштер мен негізді шағымдардың тіркелмегені, жоспарланған семинарлар, тренингтер және түсіндіру жұмыстарының толық орындалғаны баяндалды.

Әдіскер А.С.Балжанова жылдық жоспардың орындалуына талдау жасап, ұйымдастырылған іс-шаралардың педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіруге, ұжымдағы өзара сыйластықты нығайтуға және педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға оң ықпал еткенін атап өтті. Сонымен қатар келесі оқу жылында педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру, кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру және алдын алу шараларын жүйелі жалғастыру жөнінде ұсыныстар енгізді.

Жарыссөз:

А.А.Ахметкалиева – кеңес мүшесі.

Мониторинг нәтижелері педагогтердің кәсіби жауапкершілігінің жоғары деңгейде екенін көрсетті. Педагогикалық әдепті сақтау бағытындағы жұмыстардың жүйелі жүргізілгенін атап өтіп, келесі оқу жылында да осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыруды ұсынды.

Қаулы:

1. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына жүргізілген мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп кеңесінің жұмыс жоспары толық орындалды деп есептелсін.
3. Педагогтердің кәсіби әдеп қағидаларын сақтау бойынша жұмыстар келесі оқу жылында да жүйелі түрде жалғастырылсын.
4. Осы хаттамада қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау Әдеп кеңесінің төрайымы мен хатшысына жүктелсін.

Төрайымы :Г.Т.Кусаинова

Хатшысы:А.С.Балжанова

